



Едрисов А.Т.  
2019 ж.

**Академик Е. А. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік  
университетіндегі 6D050600 – Экономика мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге  
арналған диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық Кеңес  
туралы  
ЕРЕЖЕ**

1. Диссертациялық Кеңес туралы осы ереже «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандығы Заңының 4-бабының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.03.2011 ж. №126 бұйрығымен бекітілген диссертациялық Кеңес туралы Үлгі ереженің 4-тармағына сәйкес және «ҚР БФМ 31.03.2011 ж. бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БФМ 4.05.2013 ж. №172 бұйрығына сәйкес, «ҚР БФМ 31.03.2011 ж. бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БФМ 21.01.2016 ж. №56 бұйрығына сәйкес, «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БФМ 28.09.2018 ж. №512 бұйрығына сәйкес өзірленді.

2. Е.А. Бекетов атындағы ҚарМУ (бұдан әрі – Университет) Диссертациялық кеңесі (бұдан әрі – Диссертациялық кеңес) – докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін және Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) алдында философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы өтініш беретін алқалы орган.

3. Диссертациялық кеңестер 3 (үш) жыл мерзімге докторантуралың тиісті мамандығы (кадрларды даярлау бағыты) бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бар университетте құрылады.

4. Диссертациялық кеңестің құрамына әрбір мамандық бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар кемінде 6 (алты) маман кіреді, олардың ішінде Диссертациялық кеңес мүшелерінің кемінде жартысы басқа жоғары оқу орындарының, ғылыми және (немесе) басқа да ұйымдардың өкілдері болып табылады.

5. Диссертациялық кеңес құрылған жоғары оқу орнының басшысы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қызметкерлері, соңғы 5 (бес) жылда теріс шешім қабылданған диссертациялар бойынша

ғылыми консультант болған мамандар, Комитеттің сараптамалық кеңестерінің қызметкерлері мен мүшелері және қызметкерлер диссертациялық кеңестің құрамына енгізілмейді.

6. Диссертациялық кеңестерде кеңес мүшелерінің кемінде жартысында халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда кемінде 5 (бес) жарияланымы немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 121) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – басылымдар Тізбесі) кіретін кемінде 10 (он) жарияланымы бар.

7. Диссертациялық кеңестің құрамы, сондай-ақ құрамына енгізілетін өзгерістер Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бүйрығымен бекітіледі. Диссертациялық кеңес кеңес мүшелерінен төрағаны, төраға орынбасарын және ғалым хатшыны таңдайды.

8. Диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты барлық шығыстар, оның ішінде мүшелерінің іссапар шығыстары диссертациялық кеңес жұмыс істейтін Университет есебінен төленеді.

Университет плашиятқа тексеруге арналған компьютерлік бағдарламасы бар болуын қамтамасыз етеді.

9. Диссертациялық Кеңес кеңестің қызметі туралы ақпаратты Университеттің интернет-ресурстарында орналастырады.

10. Күнтізбелік жыл аяқталған соң Диссертациялық Кеңес осы Ережеге 1-қосыншага сәйкес нысан бойынша Комитетке атқарылған жұмыс туралы статистикалық есепті ұсынады.

11. Диссертациялық кеңес келесілерді жүзеге асырады:

- 1) диссертацияны қорғауға қабылдау;
- 2) диссертация бойынша қорғау мерзімін және ресми рецензенттерді тағайындау;
- 3) диссертациялық кеңестің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плашият) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құрады;
- 4) диссертацияның ашық түрде қорғауды өткізу;
- 5) диссертацияны қорғаудан алып тастау.
- 6) докторантқа 6D050600 – Экономика мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (бермеу) туралы Комитет алдында өтініш беру (өтініш бермеу) туралы шешім қабылдау.

12. Диссертациялық кеңестің мүшелері:

- 1) обьективті, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;
- 2) диссертацияға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;
- 3) ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне ден қояды;
- 4) шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, бір тараптың немесе үшінші тараптың әсеріне тәуелді болмайды;

5) мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

6) қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дәрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптардың орындалмау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

13. Комитет белгіленген талаптарды Диссертациялық кеңес 3 (үш) реттен көп бұзатын жағдайда диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғалым хатшысы ауыстырылады.

14. Докторант оқыған ЖОО докторанттың диссертациясын бейінді кафедраның және (немесе) құрылымдық бөлімшениң кеңейтілген отырысында талқылауды қамтамасыз етеді.

Кеңейтілген отырыстан 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе академиялық дәрежесі философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманға жолданады.

Кеңейтілген отырысқа кафедра және (немесе) құрылымдық болімшелер мүшелерінің кемінде 2/3-сі (үштен екісі), ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ аралас (мәндес) кафедралардың, ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың оқілдері қатысады.

Отырыста консультанттар болмаған жағдайда, олардың докторанттың диссертациясы бойынша пікірін ЖОО кафедрасының немесе құрылымдық бөлімшениң басшысы оқиды.

Кафедраның және (немесе) құрылымдық бөлімшениң кеңейтілген отырысының оң шешімін алғаннан кейін докторант ЖОО ректорына қай Диссертациялық кеңесте қорғауды таңдау туралы өтініш береді. Егер докторант басқа ЖОО-ны таңдаған жағдайда докторанттың құжаттарын ол оқыған ЖОО 10 (он) жұмыс күні ішінде Диссертациялық кеңеске жолдайды.

15. Докторант Диссертациялық кеңес төрағасының атына қорғауға қабылдау туралы өтінішпен (2-қосымша) және жоғары оқу орнының бланкісіндегі ілеспе хатпен бірге диссертациялық кеңеске келесі құжаттарды ұсынады:

1) отандық және шетелдік ғылыми консультанттардың пікірлері (мемлекеттік құпиялары бар диссертациялар үшін, отандық консультанттардың пікірлері);

2) кафедраның және (немесе) құрылымдық бөлімшениң кеңейтілген отырысының оң қорытындысы;

3) берік түптелген және электронды тасымалдаыштағы диссертация (CD-дискте) (бұдан әрі – электрондық тасымалдағыш);

4) ғылыми еңбектерінің тізімі және олардың көшірмелері.

Ғылыми еңбектердің тізімі белгіленген үлгіде (3-қосымша) ресімделу керек, докторант оқыған ЖОО-ның ғылыми хатшысы қол қоюы тиіс.

Диссертация қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілдерінің бірінде ұсынылады.

Докторанттың ұсынылған құжаттарын тексеруді және тіркеуді диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жүзеге асырады. Содан кейін 2 (екі) жұмыс күнінен кем емес мерзімде осы тармақта көрсетілген құжаттарды Диссертациялық кеңеске ұсынады.

16. Диссертациялық жұмыстың қорғауға докторантуралық білім беру бағдарламаларын мәңгерген және 21.01.2016 ж. №56, 04.05.2013 ж. №172 КР БФМ бұйрығына сәйкес өзгертулермен, КР Білім және ғылым министрінің 31.03.2011 № 127 бұйрығымен бекітілген «Ғылыми дәрежелер беру ережесі» (бұдан әрі – ереже) 5-8 тармақшаларының талаптарына сәйкес орындалған диссертациялық жұмыстарды тіркеуге ұсынған докторанттар жіберіледі.

Басқа жоғары оқу орындарының докторанттары алдын ала сараптама және диссертацияны талқылау рәсімінен Е.А. Бекетов ҚарМУ экономика факультетінің бейінді кафедрасының кеңейтілген отырысында өтеді.

17. Құжаттар қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін белгілейді және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе академиялық дәрежесі (философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар және докторанттың зерттеу саласы бойынша кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы бар екі рецензентті тағайындауды.

Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі отырыста диссертациялық Кеңес мүшелеріне (1/3 артық емес) бейне-конференция түрінде on-line қатысуға рұқсат етіледі.

Диссертацияның қорғау күні диссертацияның қорғау күнін белгілеу күнінен 3 (үш) айдан аспауы тиіс. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар құжаттарының түсү кезегі сақталады.

18. Диссертациялық кеңес рецизенттердің, ғылыми консультанттардың бір-біріне тәуелсіз ұстанымдарын басшылыққа алады.

Мыналар:

- 1) Комитет қызметкерлері;
- 2) докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары;
- 3) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖОО және ғылыми ұйымдар бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлері рецензент бола алмайды.

Осы Ереженің 18-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларына қайшы келмейтін Диссертациялық кеңес құрамынан рецизенттердің бірін тағайындауға жол беріледі.

19. Диссертациялық кеңес докторанттардың қорғауы және кеңестің қызметі туралы келесі материалдарды (мемлекеттік қупияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын материалдар мен

диссертациялардан басқа) Университеттің интернет-ресурсында орналастырады:

- 1) мекен-жайы, күні мен уақыты көрсетілген алдағы қорғау туралы хабарлама (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);
- 2) диссертация (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын, қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде қолжетімді);
- 3) көлемі кемінде 1 (бір) баспа табақ мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде аннотация (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);
- 4) докторант жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);
- 5) қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді ғылыми консультанттардың пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын), қорғаудан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);
- 6) ресми рецензенттердің пікірлері (белгіленген қорғау күніне дейін 15 (он бес) жұмыс күні бұрын);
- 7) қорғаудың бейнежазбасы толық көлемде, монтажға жол берілмейді (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін 5 (бес) ай бойы қолжетімді);
- 8) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы Диссертациялық кеңестің қорытындысы (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);
- 9) апелляциялық комиссияның шешімі (болған жағдайда), шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылдағаннан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);
- 10) осы ережеге 1-қосымшага сәйкес Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);
- 11) осы ереженің 4-қосымшага сәйкес диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (бас тарту) жөніндегі шешімдері туралы тоқсандық есебін. Тоқсандық есеп тоқсан аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күн ішінде орналастырылады және Диссертациялық кеңестің қызметі мерзімінде қолжетімді;
- 12) қорғаулар өткізу күнінің, уақытының, орнының өзгеруі және ресми рецензенттердің ауысуы туралы хабарландыру (болған жағдайда);
- 13) Диссертациялық кеңестің құрамы туралы ақпарат және Диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі.

Диссертация Университеттің интернет-ресурсында орналастырылған жағдайда, диссертация мәтініндегі өзгерістерге жол берілмейді, авторлық құқықтарды қорғау қамтамасыз етіледі, диссертация материалдарын заңсыз көшіруден және одан әрі пайдаланудан қорғау технологиялары қолданылады.

ЖОО-ның интернет-ресурсында диссертация мазмұны бойынша бейресми пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, кейін олар қорғауда ұсынылады. Авторын белгілеу мүмкін емес және автордың

электрондық поштасы көрсетілмеген бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.

20. Алдағы қорғау туралы хабарлама Комитеттің интернет-ресурсында да келіп түскен күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады (мемлекеттік құпиялары бар материалдар мен диссертациялардан басқа).

21. Диссертация қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Диссертациялық кеңес диссертацияны докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын тексеру үшін "Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" АҚ-ға (бұдан әрі - ҰМФТСО) жібереді.

Осы анықтаманы алуға байланысты шығындарды төлеу докторантқа жүктеледі.

22. ҰМФТСО анықтамасында, ресми рецензенттер және Университеттің интернет-ресурсындағы бейресми пікірлерінде плагиат фактілері көрсетілген жағдайда Диссертациялық кеңестің комиссиясы диссертацияны плағиатқа тексереді. Тексеру туралы қорытынды диссертациялық кеңеске диссертация қорғауына 8 (сегіз) жұмыс күні қалғанға дейін беріледі.

23. Диссертациялық кеңестің Комиссиясының қорытындысы (қорғауға дейін 7 жұмыс күннен кеш емес) негізінде диссертациялық кеңес докторантты қорғауға жібереді немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды. Қабылданған шешім туралы диссертациялық кеңес докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды және тиісті ақпарат Университеттің интернет-ресурсында орналастырылады (мемлекеттік құпиялары бар немесе қызметтік бапта пайдалану үшін диссертациялардан қорғалған жағдайдан басқа).

Докторант диссертациясын қорғауға дейін 7 (жеті) күннен кешіктірмей қорғаудан алып тастауға мүмкіндігі бар.

24. Диссертацияның қағаз және электронды тасымалдаыштағы данасы ЖОО-ның кітапханасына беріледі. Қорғағаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертацияның электронды тасымалдаыштағы даналарын Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына береді (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа).

25. Ресми рецензенттер диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде Диссертациялық кеңеске жазбаша пікірін ұсынады:

- таңдлаган тақырыптың өзектілігі, онда («Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырытын) ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі бағаланады;

- диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелердің, қорытындылардың, ұсынымдардың негізділік дәрежесі және оның практикалық маңыздылығы;

- ғылыми жаңашылдық, өзі жазу, дәйектілік, ішкі бірлік, практикалық құндылық, академиялық адалдық принциптеріне сәйкестігі бағаланады;
- философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды беріледі.

Пікір осы тармақтың талаптарына сәйкес келмесе, Диссертациялық кеңес пікірді кемінде 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей ресми рецензентке қосымша қарау үшін қайтарады немесе ресми рецензентті аудионында беріледі.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензенттер, сондай-ақ жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауға мүмкіндік болмаған жағдайда аудионында беріледі. Егер ресми рецензентті аудионында туралы шешім 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктіріліп қабылданса, қорғау күні аудионында беріледі.

26. Диссертацияны қорғау ғылыми пікірталас сипатында болуы тиіс. Диссертациялық кеңестің отырысы Диссертациялық кеңес төрағасының басшылығымен өткізіледі.

Диссертациялық кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы докторанттың ғылыми кеңесшілері болып табылған жағдайда олар диссертацияны қарастыру кезінде Диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындаі алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен төраға орынбасарына, төраға орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін орындау мүшелеріне жүктеледі.

Төраға, төраға орынбасары мен ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.

Диссертациялық кеңес диссертация қорғалуының бейнежазбаға түсірілуін толық көлемде қамтамасыз етеді, монтажға жол берілмейді.

27. Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (ұштан екісі), Диссертациялық кеңестің мүшелерінен отырыска әр мамандық (кадрларды даярлау бағыты) бойынша кемінде 3 (үш) маман міндетті түрде қатысқан жағдайда заңды болып саналады.

Диссертациялық кеңес мүшелеріне (1/3-інен аспайтын) диссертацияны қорғауды өткізу отырысына on-line режимінде бейне-конференция нысанында қатысқан да саналады.

Ресми рецензенттердің біреуі жоқ болған жағдайда (дәлелді себептер бойынша) оның пікірін ғалым хатшы оқиды. Ресми рецензенттерге Диссертациялық кеңестің қорғау отырысында on-line режимінде бейне-конференция түрінде сөз сөйлеуге рұқсат беріледі.

28. Диссертациялық Кеңестің бір отырысында 1 (бір) диссертация қорғалады, 1 (бір) күн ішінде 2 (екі) отырыс өткізіледі.

29. Диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық Кеңес отырысының рәсімі келесілерді қамтиды:

1) кворум (келу парағының нәтижелері бойынша), отырысты өткізу құқығы туралы төрағаның кіріспе сөзі, докторантты, мамандықты, диссертация тақырыбын таныстыру;

- 2) ғылыми жарияланымдардың толықтығы мен сәйкестігін көрсете отырып, докторанттың құжаттарының нормативтік талаптарға сәйкестігін жариялау үшін ғалым хатшының сезі;
- 3) докторанттың сөз сөйлеуі (20 минутқа дейін);
- 4) докторантқа сұрақтар, докторанттың жауаптары;
- 5) ғылыми кеңесшілердің сөз сейлеулері;
- 6) рецензенттердің сөз сейлеулері;
- 7) рецензенттердің ескертулеріне докторанттың жауаптары және олардың ұсыныстары бойынша қорытындылар;
- 8) диссертациялық Кеңес мүшелерінің пікірталасы;
- 9) докторанттың қорытынды сезі;
- 10) төрағаны қоспағанда, Диссертациялық кеңес құрамынан 3 (үш) адамнан тұратын есеп комиссиясын сайлау;
- 11) ғылыми дәреже беру туралы өтініш беру мәселесі бойынша жасырын дауыс беруді өткізу;
- 12) есеп комиссиясы төрағасының жасырын дауыс беру нәтижелері туралы сөз сөйлеуі, есеп комиссиясының хаттамасын бекіту;
- 13) көпшілік алдында қорғау нәтижелерін жариялау;
- 14) қорғау негізінде диссертация бойынша Диссертациялық кеңестің қорытындысын қабылдау.

30. Диссертациялық Кеңес келесі шешімдердің бірін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді өткізді:

- 1) докторантураға философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтініш жасау;
- 2) докторантураға философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтініш жасамау.

31. Ғылыми кеңесшілер, тікелей басшылары болып табылатын немесе докторантпен жақын туысатын диссертациялық Кеңес мүшелері дауыс беруге қатыспайды.

32. Диссертациялық кеңестің шешімі, егер оған отырысқа қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің 2/3 (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, он қабылданды деп саналады. Егер он шешімге отырысқа қатысқан Диссертациялық кеңес мүшелерінің 2/3-інен (үштен екісінен) кемі дауыс берсе, теріс шешім қабылданады.

33. Теріс шешім қабылданған жағдайда диссертациялық кеңес диссертацияның Үлгі ереже мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген және нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген ғылыми Дәрежелер беру қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

Диссертациялық кеңестің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы ЖОО-ның интернет-ресурсында осы ереженің 19-тармағының 8) тармақшасына сәйкес орналастырылады.

34. Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде еркін нысанда береді. Апелляция диссертацияны қорғау жүргізілген университет ректорының атына беріледі.

Апелляция берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Университеттің ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрылады. Комиссия құрамына тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі бар 3 (үш) маман енгізіледі. Ғылыми кеңесшілер, рецензенттер, диссертациялық кеңестің немесе Комитеттің сараптамалық кеңесінің мүшелері комиссия мүшелері бола алмайды.

Комиссия өз қызметінде осы Ережені және Ережені басшылыққа алады.

Комиссия апелляциялық өтінішті, диссертацияны, диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің материалдарын қарайды және ол құрылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде апелляция нәтижелері бойынша қорытынды дайындауды.

Апелляциялық комиссияның қорытындысын ашық дауыс беру негізінде Комиссия мүшелері көпшілік дауыспен қабылдайды және оған Комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Комиссияның оң қорытындысы болған жағдайда комиссия хаттамаларының көшірмелері, қорытынды және диссертация соңғы шешім қабылдау үшін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Комитетке жіберіледі.

Апелляциялық комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге хабарланады және Университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

35. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертациялық кеңесте докторлық диссертация қорғалғаннан кейін докторанттың аттестациялық ісін жинақтайтын, ол Комитетке күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жіберіледі.

Докторанттың аттестаттау ісінде мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) диссертацияның ҰМФТСО-ға жіберілген күні көрсетіліп, Диссертациялық кеңес төрағасы қол қойған Диссертациялық кеңес құрылған ЖОО бланкісінде ілеспе қолдаухаты (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа);

2) берік түптелген және электрондық тасымалдағыштағы диссертация (CD-дисте);

3) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімі мен көшірмелері;

4) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) жазылуы туралы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде мәліметтер;

5) докторанттың автор мен дереккөзге сілтеме жасамай бөтен материалды пайдаланғаны бойынша диссертацияның тексерілгені туралы ҰМФТСО-ның анықтамасы. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертация бойынша диссертацияның авторы мен дереккөзіне сілтеме жасамай бөтен материалды пайдаланғаны тексерілгені туралы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне,

Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне бағынысты әскери, арнайы оқу орындарында және (немесе) ғылыми ұйымдардағы комиссияның анықтамасы ұсынылады;

- 6) ғылыми консультанттардың пікірлері;
- 7) 2 (екі) рецензенттің пікірі;
- 8) осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парагы;
- 9) диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының толық көлемдегі бейнежазбасы және төраға мен ғалым хатшы қол қойған хаттамасы;
- 10) докторантуралың кәсіптік оқу бағдарламаларын менгергені туралы транскриптің көшірмесі;
- 11) осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәлімет.

Аттестаттау ісі ғалым хатшыда үш жыл бойы сақталады, содан кейін қабылдау - тапсыру актісі бойынша университет мұрағатына беріледі.

36. Қорғау күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ҰМФТСО -ға мемлекеттік тіркеуге жіберіледі:

- диссертацияның данасы түптелмеген түрде қағаз және электронды тасығыштарда бір данадан;
- ілеспе хат;
- аннотация үш тілде қағаз және электрондық тасығыштарда бір данадан;
- қағаз және электронды тасығыштардағы ғылыми еңбектерінің тізімі бір данадан;
- мемлекеттік және орыс тілдерінде диссертацияның тіркеу-есептік карточкасы қағаз және электрондық тасығыштарда үш данадан (7-қосымша).

37. Қорғау нәтижелері бойынша Диссертациялық кеңес теріс шешім қабылдаған кезде осы диссертация қайта өндөлген түрде теріс шешім шығарылғаннан кейін бір жылдан кейін ұсынылуы мүмкін. Комитет ғылыми дәреже беруден бас тартқан жағдайда диссертация Комитет түпкілікті шешім шығарғаннан кейін бір жылдан кейін қайта өндөлген түрде қайта қорғауға берілуі мүмкін.

Қайта қорғауға ұсынылған диссертация бойынша Диссертациялық кеңес диссертацияда бұдан бүрын орын алған бұзушылықтар жойылу туралы қорытынды жасау үшін өз құрамынан 3 (үш) маманды тағайындаиды. Мамандар пікірі Университеттің интернет-ресурсында қорғауға кемінде 10 (он) жұмыс күні бүрын орналастырылады және қорғауда оқылады.

38. Осы Ереже университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Диссертациялық кеңестің  
ғалым хатшысы



Тлеубердинова А.Т.

Диссертациялық кеңестің  
ғалым хатшысы



Хусаинова Ж.С.

Диссертациялық кеңес туралы  
ережеге 1-қосымша

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

(ЖОО атавы)

жанындағы \_\_\_\_\_ мамандықтары  
(кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңес

Есепте мынадай мәліметтер бар:

1. Откізілген отырыстар саны туралы деректер.
2. Откізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).
3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.
4. Мынадай болімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

- 1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;
  - 2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының З-тар мағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;
  - 3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.
  5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).
  6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.
  7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер:
- 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
  - 2) қорғаудан алғыншыл тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
  - 3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
  - 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының).

Диссертациялық кеңестің

терағасы \_\_\_\_\_

(қолы, аты-жөні және тегі)

Диссертациялық кеңестің

Фалым хатшысы \_\_\_\_\_

(қолы, аты-жөні және тегі)

Мерзімі 20 \_\_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Диссертациялық кеңес туралы  
ережеге 2-қосымша

негізінде  
(диссертациялық кеңес құрылған үйімның  
атауы)

(диссертациялық кеңестің шифрі)  
6D050600-Экономика мамандығы бойынша  
20\_\_ жылға философия докторы (PhD),  
бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін  
докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі  
Диссертациялық Кеңестің Төрағасына

(аты-жөні)

Өтініш\*

мамандығы бойынша  
(ғылым саласы)  
философия докторы (PhD) / бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін алу  
үшін

(диссертация тақырыбы)

тақырыбындағы менің диссертациямды қарастыруды және қорғауды  
сұраймын.

Жұмысты қорғау бірінші рет (қайта) жүргізіледі.

Дербес деректерімді аттестаттау ісіне енгізуге және оларды одан әрі өздеуге  
келісім береді. Қорғауға ұсынылатын барлық деректер мен нәтижелер  
арнайы айтылған жағдайлардан басқа, түпнұсқа және төлнұсқа болып  
табылатындығын растаймын, мен жеке алдым.

Күні, қолы.

\* Изденушінің өтініши қолмен жазылады

Диссертациялық кеңес туралы  
ережеге З-қосымша

**Докторанттың ғылыми және оқу-әдістемелік енбектерінің  
ТІЗІМІ**

(ЖОО атауы)

(аты-жөні)

N п/п	Атауы	Жұмыс сипаты	Баспа, журнал (атауы, нөмірі, жылы) авторлық күеліктің нөмірі	Көлемі	Бірлескен автордың аты-жөні
1	2	3	4	5	6
<b>Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы жарияланымдар</b> <b>(нөлдік емес импакт-факторы бар немесе Clarivate Analytics, Scopus, JSTOR базасында индекстелетін)</b>					
1					
<b>ҚР БФМ БГСБК ұсынған басылымдардағы жарияланымдар</b>					
2					
3					
4					
<b>Халықаралық конференциялардың материалдарындағы немесе тезистеріндегі жарияланымдар</b>					
5					
6					
7					

## Диссертациялық кеңес туралы ережеге 4-қосымшасы

Диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (бас тарту) жөніндегі шешімдері туралы тоқсандық есебі

Диссертациялық кеңес туралы  
ережеге 5-қосымша

**Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парагы**

20 жылғы " "  диссертациялық кеңестің отырысы, хаттама №    
Докторант (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))  
мамандығы (кадрларды даярлау бағыты)  
бойынша диссертациясының қорғауы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Дәрежесі	Отырысқа қатысуы (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы    
(қолы, аты-жоні және тегі)

Диссертациялық кеңес туралы  
ережеге 6-қосымша

**Докторант туралы мәлімет**

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

1	Тұған күні және жері, азаматтығы, ұлты		
2	Докторантурада оқығаны туралы ақпарат (ЖОО және оқу мерзімі)		
3	Докторантура мамандығы		
4	Диссертацияның қорғалған орны және күні		
5	Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі		
6	Ғылыми консультанттар (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)		
7	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)		
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:  Комитет ұсынатын басылымдарда  Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базасындағы шетел басылымда  халықаралық конференция материалында, оның ішінде:  шетелдік конференция материалында		
9	Еңбек жолы		
Қабылдау мерзімі	Босату мерзімі	Жұмыс орны, лауазымы	Мекеменің мекен-жайы
10	Мекен-жайы, байланыс деректері		

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы  
(қолы, аты-жөні және тегі)

Мөр Мерзімі 20\_\_ жылғы "\_\_\_"

Диссертациялық кеңес туралы  
ережеге 7-қосымша

**РЕГИСТРАЦИОННО-УЧЕТНАЯ КАРТОЧКА**

Фамилия, имя, отчество (полностью)			
Год рождения	Гражданство	Национальность	№ аттестационного дела
Диссертационный совет		Дата решения	№ решения
Наименование вуза, в котором защищена диссертация			
Соискатель ученой степени	Наименование специальности		
Присуждена ученая степень		№ диплома	
Доктор философии (PhD) / доктор по профилю			

**ТИРКЕУ-ЕСЕПКЕ АЛУ КАРТОЧКАСЫ**

Тегі, аты, әкесінің аты (толығымен)			
Тұған жылы	Азаматтығы	Ұлты	Аттестациялық іс №
Диссертациялық кеңес		Шешім күні	Шешім №
Диссертация қорғалған ЖОО атауы			
Ғылыми дәреже алуға талаптанушы	Мамандық атауы		
Ғылыми дәреже берілді		Диплом №	
(PhD) философия докторы, бейіні бойынша доктор			

**Ескерту:**

1. Мәтін 148x105мм форматты ашық тығыз қағазда орындалған карточкада басылады;
2. "Аттестациялық істің №" және "дәреже берілді" бағандары Комитетте толтырылады.
3. Карточканың сыртқы жағында казак, орыс және ағылшын тілдерінде ізденушінің қолы қойылған Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.